

Абдукахарова Д.О., 1 курс (академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ)  
Ғылыми жетекші – э.ғ.к., менеджмент кафедрасының профессоры,  
ХАА академигі Ержанова С.К.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖОБАНЫ БАСҚАРУ ӘДІСТЕРІН ТАЛДАУ

Инновациялық стратегияны құруда туатын маңызды міндеттердің бірі нарықтық орынмен қалыптасқан тұрақтылықпен қамтамасыз ету. Бұл міндетті шешу үшін сәйкес жағдайлар қажет. Бұл біріншіден, сериялы өнімнің түрлілікті өзгеру мүмкіндігі, екіншіден ерекше тапсырыстарды орындау т.б. Бұл жағдайларды орындау үшін кәсіпорын қысқа уақыт аралығында барлық құрылым-технологиялық құжаттарды жаңа өнімге негіздеп өзгертуі қажет. Бұл үшін кәсіпорында құрылым және технологиялық ақпарат базасынан қолы жетудің мүмкіндігі болуы, САПР қолдану тәжірибесі мен персоналдың сәйкес біліктілігін деңгейде қажет.

Сонымен қатар өнімді даярлау жоғары автоматты және икемді деңгейде жүзеге асырылуы қажет. Нақты өндірістік жүйеде мұндай құрылым болып робототехникалық кешендермен қоса икемді өндірістік жүйелер қажет.

Мысалы, отандық экономиканың машина құру кешені сияқты салада кәсіпорындар инновациялық стратегиясы бар болса, белгілі нарықтағы орынға бағытталады. Ғылымды қажет етуші салада аталған кәсіпорындар маңызды орын алады, өйткені олар жоғары технологиялық жүйелер үшін құраушыларды өндіреді.

Өндірістің диверсификациялық сипаты бар отандық кәсіпорындар ерекше технологиялық инновацияға ие болады. Бұл кәсіпорынның өнімдік инновациялануы жоғары сапамен ерекшеленеді. Бұл отандық кәсіпорынға тек ішкі ғана емес, сонымен қатар әлемдік нарықта нығайуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, кәсіпорынға ауқымды қаржыны сатылған өнімге ұзақ мерзімді сервисті қызметтермен қамтамасыз етуге бөлулері қажет.

Жиі, әсіресе ғылым қажет етуші салалардағы кәсіпорында инновациялық стратегия жасағанда «өтімді» технологиялық инновацияны қолданады. Отандық экономикада бұл кәсіпорынның қызметі негізіне әскери-өндірістік кешенге бағытталған. Бұл кәсіпорын әдетте агрофарыштық машина жасау салаларына жатады. Дамудың бастапқы кезеңінде НИОКР-ға жоғары шығындар жұмсалады. Инновациялық жобаны тиімді анықтау үшін қажет қаржылық ресурстарды тарту мақсатымен кәсіпорын венчурлық құрылым құрады. Бұл құрылымның қаржылық қолданылуы тікелей кәсіпорынмен жүзеге асырылады. Сонымен қатар венчурлы құрылымды қаржыландыру үшін кәсіпорын бюджеттік қаржы мен дәстүрлі емес қаржы көздерін тартады.

Құралған инновацияны өндірістік игеру мен оны нарыққа шығаруда венчурлы кәсіпорын оны құрған кәсіпорын құрамына енеді. Сонымен қатар венчурлы капитал тәуелділігі аздау инвестициялық капиталмен ауыстырылады.

Басқаша нұсқа да мүмкін, ол бойынша венчурлы құрылым негізінде жаңа кәсіпорын құрылады. Бұл кезеңде берілген инновацияны жасап енгізген кәсіпорынның табысы жылдам өседі. Кәсіпорынмен алынатын табысты капитализациялау жағдайында кәсіпорын активтерінің құны өседі және қаржылық басқарудың басты мақсаты орындалады, дәлірек айтқанда кәсіпорын бизнесінің бағасының өсімі қамтамасыз етеді.

«Өтімді» инновацияның өмір циклы көптік өндіріске жеткенде жасалған инновация қайтарымы түседі. Сондықтан кәсіпорын әлемдік бәсеке нарығында өз инновациялық стратегиясын өзгертеді. Бұл өзгеріс әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, инновациялық стратегиясының өзгерісі өнім қатарының диверсификация мен өнімге маманданған өндірісті жасаумен байланысты болуы мүмкін. Бұл жағдайда кәсіпорын тиімділігін қамтамасыз ететін көрсеткіш болып макроэкономикалық факторлардың өзгерісінде технологиялық конференция табылады. Бұдан шығатыны, мұндай кәсіпорын өзгеруші көрсеткіштер жағдайында қалыпты қызмет етуі үшін қаржылық ресурстардың ауқымды көлемі қажет. Бұл ресурстар кәсіпорынға жеткілікті инновация спектрін жасау үшін қажет.

Кәсіпорын ауқымды инвестицияларын жүзеге асуымен абйланысты басқа жағдай да бар. Бұл инвестицияларды, біріншіден өндіріске, екіншіден басқару және өткізу құрылымына жасайды. Бұл жағдайда кәсіпорынның өнім көлемі артады. Бұл жағдайда кәсіпорын үшін көптік өндіріс сипаты бар инновацияға өту тән болады.

Бірқатар отандық кәсіпорындар инновациялық стратегия ретінде нарық жетекшілеріне еліктеуге негізделген стратегияны таңдайды. Мұндай кәсіпорынның қызметі іс жүзіндегі технологиялық инновацияларға диффузия болып табылады. Бұл жағдайда кәсіпорынның түрлі ғылыми-техникалық жобалардың көптік өндіріс инновациясына өту уақыты қысқарады.

Нарықтағы жетекші кәсіпорын шығындарына қарағанда еліктеуші кәсіпорынның НИОКР-ға шығындары елеулі төмен болады. Сондықтан еліктеуші кәсіпорындардың нарықтың жетекшіге қарағанда өндірілген өнім инновациясының сапасын арттыруда қаржылық мүмкіндіктері жоғары болады. Бұның салдары болып кәсіпорынның баға саясатындағы әрекет ауқымының кеңелуі табылады.

#### Әдебиеттер

1 Грачев И. Развитие малого предпринимательства // Деньги и кредит. 2016. -№1. –С. 15-21.

2 Аубакирова Ж. Поддержка малого и среднего бизнеса // Альпарм, 2015 №2, 28-35с.